

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті жанындағы «Исламтану» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесіне ұсынылған «6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Акимханов Аскардың «Әбу Мансур әл-Матуридиң иман мәселелеріне қатысты ұстанымы («Китәб әт-тә’үиләт» атты еңбегі негізінде)» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысына ресми рецензенттің

## ПІКІРІ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Еліміз егемендікке қол жеткізгелі ширек ғасыр өтсе де отандық дінтану және исламтану ғылымдары бойынша жан-жақты зерттеп-зerdeлеуді қажет ететін өзекті мәселелер мен тақырыптар әлі де жеткілікті. Аталмыш ғылым салалары бойынша тарихи биографиялық әрі библиографиялық, текстологиялық, әдіснамалық, теологиялық және жалпы ғылыми-танымдық сипаттағы сапалы зерттеулерді қолға алу бүгінгі таңда кезек күттірмейтін аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда әлемнің бірқатар аймақтарында орын алғып жатқан қақтығыстар мен қантөгістердің ең басты себептерінің бірі діни алауыздық пен діни төзімсіздік екені белгілі. Тіпті соңғы кездерде дін саяси-идеологиялық немесе экономикалық мұдделерге қол жеткізуінді, сондай-ақ кейбір елдерде саяси-әлеуметтік тұрақсыздық туғызузың құралына айналуда. Дәл қазіргі жаһандану үдерісіндегі мәдени, ақпараттық және идеологиялық текетірес өршіген кезеңде қогамды әсірелең дінге қатысты дұрыс мәліметтер және материалдармен қамтамасыз ету аса маңызды. Бұл халқымыздың діни-мәдени иммунитетін күшетудің, әсірелең жас буынның әртүрлі діни-саяси идеологиялар мен елдің прогрессивті дамуына кедергі келтіретін деструктивті діни топтардың жетегінде кетуіне жол бермеудің бірден-бір жолы болып табылады. Осылан орай, тарих қойнауында қалған, дәстүрлі дініміз негізінде жазылған діни-ғылыми мұраларымызды жан-жақты зерттеп-зerdeлеп, жарыққа шығарып, ғылыми айналымға енгізу бүгінгі заманың талабы.

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының преамбуласында, сондай-ақ Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бекіткен Қазақстан мұсылмандарының тұғырнамасында Қазақстан мұсылмандарының, оның ішінде Қазақ елінің ежелден ислам дінінің сунниттік бағытын, соның ішінде имам Ағзам Әбу Ханифа мазхабы мен имам Матуриди ақидалық мектебін ұстанатындығы анық айттылған. Бұл тарихи шындық. Сондықтан елімізде ата-бабаларымыз ұстанған дәстүрлі ислам принциптеріне негізделген бірыңғай діни ілімді қалыптастыру жат діни идеологияларға төтеп берудің бір жолы екендігі даусыз.

Осы тұрғыдан алғанда А. Акимхановтың «Әбу Мансур әл-Матуридиң иман мәселелеріне қатысты ұстанымы («Китәб әт-

**тә'үиләт» атты еңбегі негізінде)»** тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысын атамыш мақсатқа қызмет ететін, дер кезінде жазылған ғылыми еңбек деп бағалауға болады. Бұлай дейтініміз:

Біріншіден диссиденттың зерттеу нысаны болған «**Китәб әт-тә'үиләт**» атты классикалық еңбек Орталық Азия мұсылмандары, оның ішінде Қазақ халқы ежелден ұстанған матуридилік сенім мектебінің негізін қалаған, ханафи мазхабының біртуар ғалымы имам Матуридиге тиесілі. Бұл еңбек өз кезегінде Қазақстандыбының бывай қойғанда, өзге мұсылман елдерінде де бүгінгі таңға дейін толыққанды зерттелмеген тың әрі өте маңызды қайнаркөз болып табылады. Ғылыми зерттеудің тың қайнаркөз негізінде жазылуы оның жаңашылдығын көрсетеді. Екіншіден ғылыми зерттеу тақырыбы имам Матуридидің иман теориясына қатысты. Бұл да өз кезегінде бүгінгі таңда өте өзекті әрі мұсылмандар арасында талас тудырған теологиялық, принциптік мәселелердің бірі. Әсіресе иман мәселелерінің ішіндегі иман мен діни амалдардың арақатынасы мәселесі бүгінгі таңда ең көп көтеріліп жүрген теологиялық түйіткілді мәселелердің бірі. Осы мәселе негізінде кейбір харижиттік санадагы экстремистік топтар өздерімен пікірлес болмаған мұсылмандардың көпір санап, діннен шығарып, тіпті, олардың қаны мен малдұниесін адал санауга дейін баруда. Өкінішке орай мұндай келенсіз құбылыс біздің қоғамды да айналып өтпеді. Сондықтан да Орталық Азия мұсылмандарының, оның ішінде Қазақ халқының діни дүниетанымының тұғырнамасы болған ханафи-матуридилік ілімді жаңғыртып, кеңінен насиҳаттау бігінгі күннің ең басты талаптарының бірі. Бұл өз кезегінде А. Акимхановтың ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, А. Акимхановтың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 648 жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаға" сәйкес жазылған деп санауга болады. Себебі елімізде діни экстремизм мен терроризм мәселесінің туындауына сеп болған басты факторлар – Қазақстан мұсылмандарының дәстүрлі діни дүниетанымына негізделген бірыңғай діни идеологияның тиісті деңгейде қалыптаспауы мен жалпы халықтың діни сауаты мен діни таным деңгейінің төмендігі. Аталған ғылыми еңбек осы олқылықтардың орнын толтыруға бағытталған зерттеулердің бірі. Болашақта осы бағытта жүргізілетін ғылыми зерттеулерде Асқар Акимхановтың осы еңбегі маңызды қайнаркөз ретінде басшылыққа алынады деген сенімдеміз.

### **Зерттеу жұмысының ғылыми жақалығы мен теориялық мәнділігі.**

Диссиденттың ғылыми зерттеу жұмысында қарастырған мәселелері отандық дінтану және исламтану ғылымдарында тиісті деңгейде зерттелмеген. Ал әлемдік ғылымға келсек, имам Матуридидің «иман теориясы» бірқатар матуридитанушы ғалымдардың қаламынан тұган араб, түрік, ағылшын және неміс тілдеріндегі ғылыми монографиялар мен мақалаларда белгілі деңгейде зерттеліп, жазылғанымен, бұл зерттеу

жұмысын имам Матуридидің «Китәб әт-тә’үиләт» атты ең қомақты еңбегі негізінде жасалған алғашқы зерттеу деп бағалауға болады. Өйткені бұған дейінгі әлемдік немесе отандық матуридитанушы ғалымдардың еңбектерінде имам Матуридидің «иман теориясы», негізінен оның «Китәб ат-таухид» атты еңбегіндегі тұжырымдары негізінде зерттелген. Ал бұл ғылыми зерттеуде имам Матуридидің (редакциясына қарай 5, 10 және 17 томнан тұратын) «Китәб әт-тә’үиләт» атты еңбегі толықтай негізге алынған. Сондықтан мұны ғылыми жаңалық деп бағалауға болады. Бұған қоса диссертант Матуридидің «иман» мәселелеріне қатысты теологиялық тұжырымдары мен ұстанымдарын негізге ала отырып, ғалымның «Китәб ат-таухид» және «Китәб әт-тә’үиләт» атты екі еңбегіне салыстырмалы талдау жасау арқылы, аталмыш еңбектердің Матуридиге тиесілі екенін дәлелдеген. Мұны да ғылыми жаңалық деп қабылдауға болады. Сондай-ақ ізденуші өзінің зерттеу жұмысында Матуридидің «иман теориясын» пайымдап, айшықтауда Матуридидің және онымен замандас болған бірқатар Самарқанд мектебі өкілдерінің «иман» мәселелеріне қатысты тұжырымдарына теологиялық, компаративистикалық талдау жасаған. Талдауда самарқандық ғалымдардың қолжазба күйінде сақталған теологиялық трактаттарына да жүгінген. Осылайша ізденуші имам Матуридидің «иман» мәселелеріне қатысты ұстанымын өзге ортағасырлық ханафи ғалымдарының ұстанымдарымен салыстыру арқылы Матуриди ілімінің ерекшелігін айшықтауга тырысқан. Бұл да өз кезегінде ғылыми жаңалық болып табылады.

Қорыта айтқанда диссертант тақырыпты зерттеу нәтижесінде 5 бірдей ғылыми жаңалыққа қол жеткізген. Атап айтқанда диссертант:

1. Тарихи, археологиялық тың деректерге жүгіне отырып, Матуриди ілімінің эволюциясының, яғни аталмыш ілімнің ханафи мазхабының доктриналдық сенім мектебіне айналуының ең басты тарихи алғышарттарын анықтаған.

2. Матуридидің «Китәб әт-тә’үиләт» және «Китәб ат-таухид» атты еңбектеріндегі «иман» мәселелеріне қатысты теологиялық тезистеріне компаративистикалық талдау жасау арқылы аталған қос еңбектің Матуридиге тиесілі екендігін дәйектеген.

3. Имам Матуридидің «иман» теориясына толыққанды баға беріп, оның «иман» мәселелеріне қатысты тұжырымдарының ерекшелігін айқындау мақсатында, Матуридидің және онымен замандас болған әл-Хаким ас-Самарқанди, Әбу Бәкр әл-‘Ияди, Әбу-л-Хасан ар-Рустуфғани және Әбу Сәләмә ас-Самарқанди сынды Самарқан мектебінің маңдайлалды өкілдерінің теологиялық трактаттарына иман мәселелері бойынша теологиялық, салыстырмалы талдау жасаған.

4. Әбу Мансур әл-Матуридидің (діннің негізі болған) «иман» ұғымына және аталмыш ұғымды пайымдау ерекшелігінен туындаған «иман» мәселелері бойынша теологиялық тезистерін «Китәб әт-тә’үиләт» атты еңбегі негізінде, арнайы тақырыптар күйінде жан-жақты саралаған.

5. Орталық Азия халықтарының, оның ішінде Қазақ халқының ғасырлар бойы ұстанып келген дәстүрлі діни дүниетанымының ханафи-матуридилік

ілімге негізделген ғылыми-идеологиялық платформасының маңызын андатқан.

Диссертант А. Акимхановтың ғылыми зерттеу жұмысының алғашқы төрт жаңалығын исламтану ғылымына қосқан жаңалығы деп бағалауға болады.

**Іздешінің диссертациясында тұжырымдалған ғылыми нәтижелердің тиесті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

Диссертацияда тұжырымдалған нәтижелер Әбу Мансур әл-Матуридидің «иман» мәселелеріне қатысты тұжырымдары мен тезистерін теологиялық негізде зерттеудің алдында тұрган теориялық және іргелі тәжірибелік мәселелерді шешуге бағытталған. Диссертациялық жұмыс нәтижесінде тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мемлекеттің дін саласындағы саясатына қатысты мәселелердің теориялық негіздерін кеңейтуге, жаһандану жағдайындағы Қазақстанның діни-рухани құндылықтарын ескеретін діни саясаты жүргізуға айтарлықтай үлес қоса алады. Сондай-ақ Қазақстанда дәстүрлі дін идеясына негізделген бірыңғай діни таным қалыптастыруға және жат діни идеологиялар мен деструктивті діни топтарға төтеп беруде маңызды ғылыми дереккөз бола алады. Диссертацияның ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары еліміздегі діни алауыздықтың алдын алуға, еліміздің санасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі діни санасы мен діни танымын қайта жаңғыртып, Қазақстан мұсылмандарының дәстүрлі діни дүниетанымының ғылыми негізін андатуға негіз бола алады.

Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижелер исламтанушы және дінтанушы мамандардың, дінтану және исламтану мамандықтары бойынша білімін жетілдіріп жатқан магистранттар мен докторанттардың кызығушылығын туғызады деген ойдамыз.

Диссертация жұмысының тұжырымдары мен ғылыми нәтижелерін исламтану, дінтану мамандықтары бойынша орта-кәсіптік және жоғары білім беретін оқу орындарында, дін ғылымдарын зерттеумен айналысатын ғылыми орталықтарда, діни радикализм мен экстремизмнің алдын алу бағытында жұмыс істейтін ғылыми институттар мен орталықтарда ғылыми материал ретінде пайдалануға болады.

Осыған орай диссиденттың ғылыми зерттеу нәтижесінде қол жеткізген ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы бар деп айтуда болады.

**Іздешінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

А. Акимханов ханафи мазхабының сенім мектебін ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан жүйеге салған Әбу Мансур әл-Матуридидің енбектерімен қатар, бірқатар ортағасырлық ханафи ғалымдарының теологиялық трактаттарына теологиялық, компаративистикалық талдау жасаған. Зерттеу жұмысында

негізге алынған әдебиеттер арасында толықанды зерттеліп, жарықта шықпаган қолжазба әдебиеттер де бар. Сондай-ақ зерттеу тақырыбына қатысты отандық және шетелдік исламтанушы, матуридитанушы және шығыстанушы ғалымдардың ғылыми монографиялары мен мақалаларына да жүргіне отырып, зерттеудің проблемалық мәселелері бойынша түрлі тәсілдемелер мен парадигмаларды жалпылаған. Диссертацияда көтеріліп отырған мәселелерге қатысты араб, түрік, орыс тілдеріндегі әдебиеттерге ғылыми талдау жасау барысында жан-жақты теориялық талқылау жасаған және жүргізілген зерттеулерге жоғары деңгейде ғылыми-теориялық негіздеме берген.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі және дәйектелу деңгейі ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сай. Диссиденттант әрбір ғылыми нәтижені, тұжырымдар мен қорытындыларды негіздеуде осы мәселеге қатысты ғылыми ізденістер жасап, онда тақырыпқа қатысты жарияланған ғылыми еңбектерге, шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми жұмыстарына жүгінген. Сонымен қатар, ізденуші негізінен қазіргі әдіснамалық тәсілдерді басшылыққа алып, диссертациялық еңбектің әрбір ғылыми нәтижесінің негізделуі мен дәйектелуін жоғары дәрежеде көрсете білген. Зерттеу жұмысының негізділігі және дәлелділігі әдіснамалық және теориялық позициялармен аныкталады.

### **Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Акимханов Аскардың «Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымы («Китәб әт-тә’үиләт» атты еңбегі негізінде)» тақырыбында жазылған диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымы зерттеу тақырыбының мәні мен мазмұнын ашуға негізделген. Диссертация зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сай бір-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып тұратын негізгі 3 тараудан және барлығы 10 тараушадан және қосымшалардан тұрады. Жұмыстың ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары ханафи-матуридилік доктриналары Орталық Азия мұсылмандарының дәстүрлі діни дүниетанымының ғылыми тұғыры екенін, сондай-ақ имам Матуридидің «иман» теориясының дәстүрлі дін концепциясының ғылыми-идеологиялық платформасы екенін андатумен құнды. Зерттеу жұмысы зерттеудің мақсаты мен міндеттерін орындауда және зерттеу пәні мен нысанын зерделеуде докторлық диссертацияга қойылатын талаптарға сай орындалған. Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген ғылыми тұжырымдар мен нәтижелердің жүйелілігі мен өзара үйлесімділігі байқалады. Ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттері, негізгі тұжырымдары мен нәтижелері және қорытындылары ғылыми тұргыда дәйектелген. Сондықтан ғылыми жұмысты белгілі бір ғылыми жүйе және әдіс-тәсілдермен орындалған, біртұтас кешенді ғылыми еңбек деп бағалауга болады.

**Диссертациялық жұмыстың мазмұны** концептуалдық тұрғыда тұтастығымен еркшеленеді. Негізгі тараулар мен тараушалардың арасында логикалық байланыс бар.

## **Диссертацияның мазмұндағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Диссертациялық жұмыстың жоғарыда аталған жетістіктерімен қатар, кейбір кемшіліктерін де атап өтуіміз керек. Атап айтсақ жұмыс барысында келесі кемшіліктер орын алған:

1. Диссертациялық жұмыстың алғашқы тарауында имам Матуридидің өмірі, білім шежіресі, ғылыми мұрасы мен ғылыми әдісі және матуридилік ілімнің генезисі мен эволюциясы сынды жалпылама тақырыптарға көп орын берілген.

2. Ғылыми жұмыста ханафи-матуридилік доктринаның, соның ішінде имам Матуридидің «иман» теориясының Қазақ халқының дәстүрлі діни танымының өзегі болғандығы анық аңдатылған. Алайда зерттеу жұмысында Қазақ ойшылдары мен Қазақ жерінен шыққан классик ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалмаған. Бұл мәселеде диссертант Қазақ жерінен шыққан, матуридилік ілімнің таралуына белгілі деңгейде үлес қосқан бірқатар ортағасырлық классик ғалымдардың атын атаумен ғана шектелген.

3. Диссертацияда қайталаулар бар. Мысалы Имам Матуридидің діни термин ретінде «иман» ұғымының түпкі мәнін пайымдауы мәселесі әсіресе екінші тарауда бірнеше жерде қайталаған.

Алайда жоғарыда көрсетілген ұсыныстар мен кемшіліктер қорғауга ұсынылып отырған жұмыстың зерттелу деңгейіне, жалпы ғылыми маңыздылығы мен құндылығына нұқсан келтірмейді.

## **Диссертациялық жұмыстың ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2 болімінің талаптарына сәйкестігі.**

«6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Акимханов Аскардың «Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымы («Китәб эт-тә’үіләт» атты еңбегі негізінде)» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны және рәсімделуі ҚР БФМ білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы «6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.) ғылыми дәрежесін алуға толығымен лайық деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
Қазақ-Түрік университетінің доценті  
м.а., философия ғылымдарының кандидаты**

